**Таяуда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысы өтті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев аталмыш жиында қоғамдағы көп мәселенің түйінін шешетін әрі халық үшін жағымды жаңалықтармен бөлісті.**

Соның бірі – қоғамдағы ұстаз мәртебесін арттыру мен оларды материалдық қолдау шараларының маңызы жөнінде болды. Нақтырақ айтсақ,

Еліміздегі білім мен ғылым саласына енгелі тұрған өзгерістер мұнымен шектелмейді. Докторанттардың шәкіртақысын 150 мың теңгеге дейін жеткізу және университет оқытушыларының айлығын көтеру – қоғамда көптен бері жиі көтеріліп жүрген мәселе. Сонымен қатар шалғай ауылдардан ірі қалаларға білім қуып келетін жастар жағдайының үйлесімді



# БІЛІМІ КЕМЕЛ ЕЛ МҰРАТЫНА ЖЕТЕДІ

педагогикалық мамандықта оқитын студенттердің шәкіртақысын 42000 теңгеге көтеру аталмыш мамандықтың маңызын арттырып, оқытушы болуды армандайтын жастар санының көбеюіне сеп болмақ. Сондай-ақ оқулықтардың сапасы туралы да өзекті мәселелерді ортаға салды. Оқушы алдындағы оқулық сапасы артса, білімді жастар қатары өсетіні айтпаса да түсінікті жайт.

болуы үшін бес жыл көлемінде 90 мың орындық жатақхананың бой көтеруі – ел болашағы, жастар үшін жасалған оңтайлы шешім. Ауыл-аймақтың ұлтымыздың атажұрты екендігін ұмыт қалдырмаған Мемлекет басшысы ауылдарда мықты кадрларды қызметке тартудың нәтижесінде жұмыстың сапасы артатынын кезекті рет атап өтті. Алты алаштың басы қосылса

төрдегі орынды мұғалімге сыйлаған халқымыз үшін ұстаз мәртебесін арттыратын жаңалықтар халықтың күпті көңілін серпілткендей болды. Еліміздегі білім мен ғылым саласы бойынша толассыз еніп жатқан осындай жағымды реформалар – ел келешегінің жарқын дәлелі.

**М.ИСМАЙЛОВА,**
**М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**